


ШҚО мәдениет және спорт басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы» КММ

Ақпараттық-библиографиялық орталық

«Талант тағлымы»




(9-11 сынып оқушылары мен БОБ-на арналған ұсыныс көрсеткіш)

Өскемен қаласы, 2023

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Ұлттық көркем ойға соңғы леп,
терең таным әкелген қабырғалы
қаламгерлердің бірі Төлен
Әбдікұлының



шығармашылығы бойынша орталық
ақпараттық-библиографиялық
БИБЛИОТРАНСФОРМЕР кұрастырып, оқырман
назарына ұсынылып отыр. Библиотрансформер ШҚ
облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының
қорында бар әдебиеттер мен мерзімді басылымдар
негізінде дайындалды.

Биыл, яғни 2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Төлен Әбдікұлының шығармаларын оқу бекітілді.

Танымал жазушы, белсенді қоғам қайраткері Төлен Әбдікұлы қалың оқырмандарға да әдеби ортаға да кеңінен танымал. Оның талантының ерекше екендігіне оның тереңнен толғап, жүректен қозғап жазған шырайлы шығармалары дәлел. Жазушының алғашқы жарияланған әңгімелерінен, соңғы жазған романдарына дейін, жұртшылықтың жүрегінен жол тауып, оқырмандардың сүйіп оқитын шығармаларына айналды. Қаламгер Төлен жазған пьесалар бойынша спектакльдер қойылды, сценарийлары бойынша кинолар түсірілді. Бұл туындыларының бәрі де көпшілік көңілінен шығып, ел құрметіне бөленді.

Библиотрансформер бірнеше модульден тұрады:

- «Талант тағлымы» библиографиялық ұсыныс көрсеткіші

- «Төлен Әбдікұлы» ақпараттық бет

- «Суреткердің парасат биігі» бүктеме

-«Төлен Әбдікұлының шығармаларындағы авторлық идеялары» дайджест

- «Зиялы жазушылардың бірегейі Төлен Әбдікұлы» әдебиеттер тізімі

- «Ақиқат жоқшысы» (жазушы туралы пікірлер) дайджест

Библиографиялық ұсыныс көрсеткіштің мақсаты жазушының шығармашылығын оқырманға насихаттау.

Көрсеткіш 9-11 сынып оқушылары мен балалар оқуының жетекшілеріне, әдебиет сүйер оқырман қауымға арналған.

Библиотрансформерге жазушының өмірбаяны мен еңбектерінің және ол туралы жазылған әдебиеттер тізімі енгізілді. Мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен шығармаларының тізімі хронологиялық ретпен орналасқан.

Берілген әдебиеттерді кітапхана қорынан алуға болады.

ӨМІРБАЯНЫ

Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі ерекше есімдердің бірі – Төлен Әбдікұлы. Қазақ прозасында ерекше қолтаңбасы



бар қаламгер 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Еңбек ауылында дүниеге келген.

1960 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Университетті аяқтаған соң, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Жалын» альманахының редакцияларында қызмет жасады.

1977 жылы «Қазақфильм» киностудиясының редакция коллегиясының бас редакторы болып тағайындалды.

1979-1989 жылдары Қазақстан КП Орталық комитетінің мәдениет бөлімі нұсқаушысы, сектор меңгерушісі болды.

1989-1991 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы болып тағайындалды.

1994 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың басқаруымен ҚР Президентінің мәдениет саласындағы көмекшісі болып тағайындалды.

1997 жылдан күні бүгінге дейін Төлен Әбдікұлы Президент әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет етеді.

1973 жылдан бері Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2002). Қаламгер кино өнері мен театр өнеріне де өзіндік үлес қосқан, онда да айтарлықтай табысқа жетті. ТүркСОИ-дың шешімі бойынша, түркі мемлекеттерінде жазушы Төлен Әбдікұлының шығармалары 2013 жыл бойына терең әрі жан-жақты насихатталды.

Төлен Әбдікұлы – іскер, ізденісі мол қоғам қайраткері. Еліміздің егемендігін бекітіп, тілін, дінін, мәдениетін өркендетуге үлкен қоғамдық үлес қосып қоғамдық қызметтер атқарып келеді.

Марапаттары:

2002 жылы президент жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталды;

2003 жылы М. Әуезов атындағы сыйлықтың иегері;

2003 жылы Халықаралық Франц Кафка атындағы Қазақстандағы ПЕН клуб сыйлығының мен Еуропалық алтын медалы берілді.

2004 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

2013 жылы «Парасат» ордені берілді.

2013 жылғы Түркі әлемі әдебиетінің жыл адамы.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Кітаптардан:

- ✚ Әбдіков, Төлен // «Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр» [Мәтін]: анықтамалық / құраст. Е. Дүйсенбайұлы, және т.б. – Алматы, 2004. – Б. 40.
- ✚ Әбдіков, Төлен // Қазақстан жазушылары [Мәтін]: анықтамалық / құраст. С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы, 2009. – Б. 48.
- ✚ Әбдіков, Төлен // Советтік Қазақстан жазушылары: био-библиогр. анықтамалық / ред. Т. Рахимов; құраст. С. Ахметов. - Алматы, 1987. – Б. 53.
- ✚ Әбдіков, Төлен // Сұлтанов Қ. Заман және замандастар [Мәтін]: [мақалалар, эссе, портреттер, очерктер] / Қ. Сұлтанов. – Астана, 2009. – Б.150-155.

Мерзімді басылым беттерінен:

- ✚ Әбдірайымұлы, А. Талантты туынды сыйлық үшін жазылмайды [Мәтін] : [М. Әуезов атындағы сыйлық Төлен Әбдіковке берілгені жайлы] / А. Әбдірайымұлы // Ана тілі. – 2003. – 15 мамыр. – Б.2.
- ✚ Әлім, Қ. Төленнің Торғайдағы тойы [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдікұлының мерейтойы] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 1992. – 29 тамыз. – Б. 4.
- ✚ Бекболатұлы, Ж. Төлен Әбдіковтің көркемдік дүниетанымындағы Торғай : тарих және тұлғалар [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдіков жайлы деректер] / Ж. Бекболатұлы // Үркер. – 2013. - № 2. – Б. 37- 44. 45.
- ✚ Жазушы Төлен Әбдікұлы Франц Кафка атындағы алтын медалдің иесі [Мәтін] // Таң шолпан. - 2003. – № 3. – Б. 3.

Кекілбайұлы, Ә. Адамстанға саяхат [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдікұлы алпыста] / Ә. Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2002. – 4 қыркүйек. – Б. 3.

Қорғасбек, Жүсіпбек. Аңыз Төлеген Әбдік / Ж. Қорғасбек // Ақ желкен. - 2019. - № 2. - Б. 1, 9-15.

Құрманғалиев, Қ. Төлен туралы толғанис [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікұлы туралы] / Қ. Құрманғалиев // Қазақ әдебиеті. – 2012. – 7 қыркүйек. – Б. 10-15.

Сыбанбай, Сәкен. Ақиқат жоқшысы [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікұлы туралы] / С. Сыбанбай // Егемен Қазақстан. - 2017. - 5 қыркүйек (№169). - Б. 10.

Төлен Әбдікұлы // Исабеков, Дулат. Әдебиетті журналистика алмастырған [Мәтін] / Дулат Исабеков // Таң – Шолпан. – 2010. - №1. – Б. 12.

Төлен Әбдікұлы // Исабеков, Дулат. Талғам мен таным табиғаты: тұлға / Д. Исабеков // Егемен Қазақстан. - 2012. - 19 қазан (№685-688). - Б. 9.


Төлен Әбдікұлы // Түркі әлемі әдебиетінің 2013 жылғы жыл адамы: әдеби-мәдени әлем // Жас Алаш. - 2012. - 27 қараша (№94-95). - Б. 10.

Тұрғынбекұлы, Серік. Төлен туралы: өлең / С. Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. - 2012. - 19 қазан (№685-688). - Б. 9.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қазақ прозасының интеллектуалдық деңгейін көтерген көркем сөз шебері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, көрнекті жазушы ТӨЛЕН ӘБДІКҰЛЫ биыл сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Оның қай шығармасы болсын – ойландырады, толғандырады, жүрегінді қозғайды, жаныңды тазартады, рухыңды шыңдайды.



ТӨЛЕН ӘБДІКҰЛЫ – 60-70-жылдары әріптестері сынды әдебиет майданына әңгімелер жинағын алып келді. Жазушының шығармалары адамгершілікке, ізгілікке, мейірімге, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге арналған. Сондай-ақ, шығармалары адам мінезінің құпия сырларына үңілуі, өмірдің мән-мағынасына философиялық тұрғыдан қарауымен ерекшеленеді.

Төлен Әбдікұлының алғашқы шығармасы университет қабырғасында көңіліне ұнаған бойжеткенге байланысты жазылған «Райхан» атты алғашқы туындысы. Замандастарының айтуынша, сол күнде жас та болса сол әңгімесі өз ортасында біраз талқыланып, жақсы бағаланған. Бұл шығарма Қазақстан жазушыларының 1964 жылы шыққан «Таңғы шық» жинағына еніп, жазушы жолын жеңіске жетелеген. Университет қабырғасында қазақ және әлем әдебиетінен сусындаған тұлғаның шығармалары да өзге болды. Әр шығармасында шетел әдебиетінің элементтері кездесіп жатты.

Одан кейінгі жылдары оқырманын ойға жетелейтін, дүние сырына тереңірек үңілдіретін, шығармаларын қазақ баласы сүйініп оқитын жазушының қаламынан 1969 жылы «Көкжиек» әңгімелер жинағы жарық көріп, қазақ әдебиетіне философиялық проза жанрын ала келді.

Төлен Әбдікұлының үлкенді-кішілі отызға жуық еңбегі бар. Себебі автор әр кейіпкерінің мінезін зерттеп, өлшеп жазады. Ал оның образдары қиялдан емес, сіз бен біздің жанымыздағы адамдар. Тырнақ алды «Райхан» атты әңгімесін қаламгер 20 жасында жазыпты. Бұдан кейін де Төлен Әбдікұлының қаламы қарымды бола түсті. «Күзгі жапырақ» шығармасы 1971 жылы жарық көрді. 1974 жылы «Ақиқат» атты повестер мен әңгімелер жинағы дүниеге келді. 1979 жылы «Айтылмаған ақиқат» әңгіме-повестер жинақтары, 1980-1981 жылдары орыс тілінде «Истина» әңгімелері мен повестері деген атпен жарық көрген. 1985 жылы «Өлі ара», «Біз үшеу едік» пьесасы республикалық театр сахналарында қойылды. Грек аңыздары «Эллада ерлерін» қазақ тіліне аударған. Жазушының бірнеше шығармалары шетел тілдеріне аударылған. 1987 жылы «Ақшоқыда қыс қатты» және 2002 жылы «Парасат майданы» жазылған.

Ал, соңғы жылдары «Ардагер» атты пьеса мен «Тұғыр мен ғұмыр» атты повесті жарыққа шықты. «Ардагер» пьесасы Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған драматургиялық шығармалар байқауында бас жүлдені жеңіп алған.

Кинодраматургия саласында да атсалысып, «Қыз Бәтеш пен Ерсейіт» повесті бойынша «Өтелмеген парыз», «Белгісіз ұлдың тағдыры» атты көркем фильмдердің сценарийлерін дайындады.

Төлен Әбдікұлы өзінің сұхбаттарының бірінде: «Творчестволық кредо деген болады. Творчестволық кредода менің ойлайтыным, адамның жалпы сөзі мен ісі бірге болу керек. Сөз бен іс ажыраған жағдайда ол адамды үлкен, терең парасатты адам деп айтуға болмайды. Себебі ішкі дүниенің жарығы, сөзі бір болып, ісі екі болып жататын... сондықтан сен шығармада қанша талантты болғанымен де, егер жүрегің таза болмаса, адал болмаса, өмірде сол адалдықтар үшін талай қиындықтар көріп жатпасаң, онда сенің шығармаң үлкен, шын мәніндегі шығарма болмайды деп есептеймін» – дейді.

Т. Әбдікұлы шығармаларында тұлғаның екіге бөлінуі сынды психологиялық мәселені де қозғаған. «Оң қол», «Парасат майданы», «Тозақ оттары жымыңдайды» атты шығармаларында тұлғаның екі ойда болуы, екі тұлғада өмір сүруі көрініс табады. «Оң қол» әңгімесі жарыққа шыға салысымен сындарға ұшырап, бірақ кейіннен өзінің оң бағасын алды. «Оң қол» шығармасындағы баяндау сырттай жақсы болып көрінсе де, автордың өтіп жатқан оқиғаларға, адам тағдырының ішкі жан дүниесінің қатысы, оқырман назарына қозғау салғысы келгені көрініп тұр.

Сол кезден бастап Төлен Әбдікұлы шығармаларының көркемдік ерекшелігі, ұлттық құндылықтары зерттеліп, әдебиеттану ғылымының өзекті тақырыптарының біріне айнала бастады. Әсіресе, Төлен Әбдікұлы шығармаларындағы осы «тұлғаның екіге жарылуы» тақырыбы - XX ғасыр мен XXI ғасырдың басты зерттеу нысанына айналды. 2002 жылы шыққан «Парасат

майданы» әңгімесі де «Тұлғаның екіге жарылуы» тақырыбына ғалымдарды қайта айналдырып әкелді. «Парасат майданы» әңгімесі негізіндегі постмодернистік бағыт жайлы. «Парасат майданы» повесі тосындылығымен ерекшеленіп, бұл туынды ПЕН-клубтың сыйлығын иеленіп, Халықаралық Франц Кафка атындағы орденімен марапатталды (2003).

Қазақстанның халық жазушысы, XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері Әбдіжәмил Нұрпейісов «Парасат майданын» оқып шыққаннан кейін гипноз алған кісідей бір ай бойы есеңгіреп жүргенін жазыпты. Талант күдіреті, қалам қайраты деген осы емес пе?!

Жазушының шығармаларына тоқталсақ, «Әке», «Ақиқат» повестері мен «Қайырсыз жұма», «Бассүйек», «Жат перзент» сынды әңгімелеріндегі «жалғыздық» философиясының мәтіндегі көрінісі мен идеясы анықталады.

Т. Әбдікұлының шығармаларында жиі шырасатын «Жалғыздық» философиясы.

«Оң қол» әңгімесінде жалғыз Алманың ауруы, «Парасат майданында» жалғыз адамның екіге бөлінуі, «Тозақ оттары жымыңдайды» повесінде араку тайпасынан жалғыз адамның қалуы, «Қайырсыз жұма» әңгімесінде өзінің жалғыз билікке жетуі, «Қонақтар» әңгімесінде жалғыз ұрпақтың санасыздануы – жалғыздық идеясының анық көрінісі.

«Парасат майданы» повесінде жалғыздық былай сипатталады: «Жалғыздық жайында көп ойландым. Қиындыққа да, қиянатқа да, зорлық-зомбылыққа да, жала мен бәлеге де төзуге болатын секілді. Төзуге қиын жалғыз

нәрсе - жалғыздық. Адамның жұлын-жүйкесінің қайғы қасіретке төтеп бере алмауы жан азабын бөлісетін жақын жанның жоқтығынан. Ондай кезде жалғыз әміршің - Жалғыздық. Ғашығындай жабысқан, түнде түсінде, күндіз ісінде серік болған, жатырлас сыңарың жалғыздық - енді сенің тағдырың», «Ғалымдардың айтуынша ғалам кеңістігіндегі ой жетпес алыс галактикаларда «қара тесіктер» (черные дыры) болады екен. Осынау космостық құрдымға жұтылмайтын ештеңе жоқ, бүкіл масса атаулы, тіпті оған тап болған сәуле де одан қайтып шыға алмайды. Жалғыздық та осындай космостық қара тесік секілді. Бойындағы сәуленді, күш-қуатыңды, жігеріңді, үмітіңді, сенімді қайтып шықпастай етіп сорып алады. Жалғыздыққа кеткен қайратыңның жүзден біріне қыруар ерлік жасауға болар еді. Жалғыздықтан құр сұлдері қалып қажыған қанша адам ерлік жасамақ түгілі қарақан басын әрең алып жүр. Жалғыздықтың өзіме тым жақын келіп қалғанын денемнен, сыздаған жүрегіммен сезіп тұрмын. Аласұрып серік іздеймін» [18,13 б.].

«Әке» повесінде де жалғыздық көрініс тапқан: «Өлер алдында сөйлей алмады. Тек қолымды қысып, жалғыз саусағын шошайтты. Жалғыз қалдың дегені болу керек. Өзінің өсиеті бойынша ескі қорымға апарып көмдік. Дүйсеннің үйіндегі Гүлсім жеңгеміз кейін күйеуге шығып кетті. Жалғыз баланы өзімен әкетті», «Ақсары кемпірдің Жорабек деген жалғыз ұлы Ермек көкемдермен бірге соғысқа кеткен. Жорабектің атын атамай сөз сөйлемейді. Өзінің сөзіне қарағанда Жорабек он екі құрсақтан қалған жалғыз ұл» [16, 34, 39 б.].

Жалғыздан қалған тұяқты іздеген ақсақал туралы «Қыз Бәтіш мен Ерсейіт» повесіндегі жалғыздық былайша суреттеледі: «Белі бүгілмес-ақ, басы иілмес-ақ деген, қу тірліктен бір мойын биік азамат емес пе! Кәрі қойдың жасындай жасы қалғанда жалғыз ұлдан айырылып, қираған бәйтеректей отырған отырысы мынау ғой. Киіз үй ішінде қазаға көңіл айта жиналған қалың жұрттың осыдан басқа ойларға ойы болмай, Қожабектің жалғыз ұлын өз қолдарыңнан өлтіріп алғаннан бетер бастары салбырап, жер шұқып отыр» [16, 203 б.]. Әрбір адамның басында жалғыздық кездеседі, бірақ автор бұл жерде заманның ағымына қарай болған жалғыздықты сипаттауда.

Кеңес өкіметінен кейінгі қаржының таршылығындағы бала санының азаюына орай «Жалғыз бала», қысымның көбеюіне орай «Жалғыз ұлт», билікке құмартудың күшеюіне орай «Жалғыз орын» сынды жалғыздықтарды ұрпаққа үлгі ретінде әкелуі арқылы, өзінің басындағы емес, заманның басындағы ойды автор позициясы арқылы жеткізе білді. Демек, автор сырттай бақылап байқаған ойды да өз шығармасының негізгі идеясы ете алады. Бұл жердегі маңызды нәрсе - шығармадағы ойдың авторда болу-болмау мәселесі емес, автордың сол ойды жүзеге асыруы. Ойды жүзеге асыратын автордың көркемдік пен рухани әлемі.

Ал, «Қайырсыз жұма» деп аталатын әңгімесі қазіргі ұнғыл-шұңғылы көп қоғамның дертін тамыршыдай тап басқан шығарма. Әңгіме кейіпкерлері министр мен хатшы бір бірінен айнамайтын кейіпкерлер. Қызметтен түскен күні министрдің дәм-тұзы таусылады. Бірақ, біреулер үшін қызмет қолдың кірі болса, биік мансапқа қол жеткізгендер үшін одан айырылу азап.

Баянсыз жалғанның жанды жаралайтын көріністері әңгімеде өте әсерлі берілген. Төлен шығармаларының қасиеттерін санамалап көрсеткеннен көрі сол шығармаларды қайыра бір оқыған адам көп әсерге бөленеді. Ең бастысы, автор оқырманды ойлауға, ойлануға мәжбүр етеді.

Жалпы, жазушының шеберлігі жазған әңгімелерінен айрықша аңғарылатыны белгілі. Бұл көрнекті қаламгердің қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі әдеби тәсілмен жазылған туындылары. Ал оның кейінгі жылдары жазылған шығармаларын жаңашыл әдеби дәстүрдің жемісіне жатқызамыз.

Төлен Әбдікұлы – тума талант. Ал бұл сөз дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Оған себеп оның осы шығармалары мен туындылары – қазақ әдебиетінің қазынасына қосылған құнды қомақты үлес. Тағы бір ерекшелігі - жазушының көптеген шығармаларының соңғы нүктесі қойылмаған. Бұл даралық шығарма мазмұнының тереңдегін аңғартады, шығарма соңындағы аяқталмаған түйіндер оқырман қауымды бей-жай қалдырмай, кітаппен бірге ойланып толғануға жетелейді, өзіндік жеке ой қалыптасып, өзінше жеке ой түйін жасауға шақырады.

Адам жан дүниесіне жол тапқан жазушы Төлен Әбдікұлының шығармалары жұртшылық назарында қашанда болады, бола бермек те.

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ:

ШЫҒАРМАЛАРЫ:



Әбдіков, Төлен.
Ақиқат [Мәтін]: повесттер мен
әңгімелер / Төлен Әбдікұлы. –
Алматы: «Жазушы», 1974. – 184 б.

Әбдіков, Төлен.
Күзгі жапырақтар [Мәтін]:
повесттер / Төлен Әбдікұлы. –
Алматы: Жазушы, 1971. – 160 б.

КІТАПХАНА ҚОРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ:

Әбдікұлы, Төлен.
Әке [Мәтін]: повестер мен
әңгімелер / Т. Әбдікұлы. - Алматы : Қайнар, 2005. - 384 б.

Әбдікұлы, Төлен. Оң қол [Мәтін]: повесттер
мен әңгімелер / Төлен Әбдікұлы. – Алматы: Атамұра,
2002. – 352 б.

Әбдіков, Төлен. Өліара [Мәтін]: роман /
Төлен Әбдікұлы. – Алматы: Жалын, 1985. – 352 б.

Әбдікұлы, Төлен. Парасат майданы [Мәтін]:
повесть / Төлен Әбдікұлы. Астана: Фолиант, 2009. – 88 б.

Әбдіков, Төлен. Таңдамалы [Мәтін]: роман
және повестер / Т. Әбдіков; ред. Б. Қанатбаев; сур. Ж.
Қасымханов. - Алматы : Жазушы , 1992. - 512 б.

Әбдіков, Төлен. Ардагер [Мәтін]: пьесса //
Өрілген өмір өрнегі : пьесалар / құраст. Ж. Ә. Жұмат ; алғы
сөз авт. Ә. Асқаров. - Астана, 2012. – Б. 346-495. - (Жаңа
заман әдебиеті: драматургия).

✚ Әбдіков, Төлен. Қонақтар [Мәтін] / Т. Әбдіков // Қазақ әдебиеті : хрестоматия: 7-сынып / ред. Р. Райбаева; құраст. А. Ақтанова. - Алматы, 2017. – Б. 252-272.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ:

✚ Әбдіқайымова, Кәмшат. Ата-ананы сыйлау - парызың [Мәтін]: [Төлен Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесі бойынша] / К. Әбдіқайымова // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2013. - №1. - Б. 35-39.

✚ Әбдіхалық, Ж. Төленнің парасат майданы [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдікұлының «Парасат майданы» кітабы туралы] / Ж. Әбдіхалық // Егемен Қазақстан. – 2002. – 13 қараша. – Б. 4.



✚ Жанұзақова, Қ. Т. Төлен Әбдіков прозасындағы көркемдік ізденістер [Мәтін] / Қ. Т. Жанұзақова // Керуен. - 2008. - № 1. - С. 100 - 105.

✚ Жәрімбетова, Н. «Оң қол» фильміне оң баға берілді [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі бойынша түсірілген фильм жайында] / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан – 2017. – 10 ақпан. – Б. 12.

✚ Кеңшілікұлы, Амангелді. Парасат майданы [Мәтін]: әдеби сын / А. Кеңшілікұлы // Қазақ әдебиеті. - 2017. - 10-16 қараша (№46). - Б. 1, 8-9.

✚ Құрманғали, Қуанышбай. Төлен туралы толғаныс [Мәтін]: әдеби сын / Қ. Құрманғали // Қазақ әдебиеті. - 2012. - 7 қыркүйек (№37). - Б. 10,15.

✚ Мекебаев, А. Сағыныштың санадағы суреті [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдіковтың «Парасат майданы» кітабы жайлы] / А. Мекебаев // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 3 желтоқсан. – Б. 13.

✚ Мұхамбетқалиұлы, Қ. Адамзат қайда барасың? [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» повесті туралы ойлар] / Қ.Мұхамбетқалиұлы // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 7 қараша. – Б.4.

✚ Сыбанбай, С. Парасат майданының сардары [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдіктің шығармашылығы туралы ойлар] / С. Сыбанбай // Парасат. – 2022. – № 7-8. – Б. 12-16.: портр.

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАҒЫ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ:

✚ Әбдіков, Төлен. Тұғыр мен Ғұмыр [Мәтін] : проза / Төлен Әбдіқұлы // Жалын . - 2011. - № 2. - Б. 2-31.

✚ Әбдіков, Төлен. Азат ел әдебиетінің алғы шарттары өткен уақыттың есесін қайтарар [Мәтін] / Төлен Әбдіқұлы // Жас алаш. – 1993. – 20 қараша. – Б.4.

✚ Әбдіков, Төлен. Ғылымды меңгерген дінбасы немесе дінді игерген ғалым [Мәтін] : [Әбсаттар Дербісәлі жайында] / Т. Әбдіқұлы // Қазақ әдебиеті. - 2007. – 14-20 қыркүйек. – Б. б.

✚ Әбдіков, Төлен. Жанна Д, Арк феномені [Мәтін]: [Тәуелсіздік толғауы] / Төлен Әбдіқұлы // Егемен Қазақстан. – 2001. – 21 наурыз. – Б.1,2.

✚ Әбдіков, Төлен. Қайырсыз жұма [Мәтін]: әңгіме / Төлен Әбдіқұлы // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 19 шілде. – Б. 8-9, 13.

✚ Әбдіков, Төлен. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде [Мәтін] / Төлен Әбдіқұлы // Егемен Қазақстан. - 2009. - 23 қаңтар. - Б. 6.

✚ Әбдіков, Төлен. «Оң қол» менің өзге шығармаларыма обал жасап жүрген секілді... [Мәтін] / Төлен Әбдіқұлы // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 22 қыркүйек. – Б. 4.

✚ Нұржекеұлы, Б. Төлен көтерілген биіктік [Мәтін]: [қаламгер Төлен Әбдіков шығармашылығы туралы] / Б. Нұржекеұлы // Жас алаш. – 2002. - 5 қыркүйек. – Б.2.

✚ Дәулетбаева, Б. Құпия есіктің құлпын ашқан қаламгер [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдіқұлының шығармашылығы туралы] / Б. Дәулетбаева // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 22 қараша. – Б. 4.

✚ Тұрғалиева, О. Пенделік мұң мен періште үміт жаршысы [Мәтін]: [жазушы Т. Әбдіқұлының шығармашылығы туралы] / О. Тұрғалиева // Жалын. – 1997. - № 7. – Б. 252-265.

✚ Құрманғалиев, Қ. Сырбаз суреткер [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдіқұлының шығармашылығы жайында] / Қ. Құрманғалиев // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 4 қыркүйек. – Б. 12.

✚ Елубай, С. Таланттың тоғысқан шағы [Мәтін]: [жазушы Төлен Әбдіқұлының шығармашылығы жайлы] / С. Елубай // Парасат. – 1992. – № 8. – Б. 13.


✚ Піралиева, Т. Теңіз дәмі [Мәтін]: [жерлес жазушы Төлен Әбдіқұлының шығармашылығынан] / Т. Піралиева // Жас алаш. – 1992. – 8 қыркүйек. – Б. 3.

✚ Бөкеев, О. Белеске беттеген бес жігіт [Мәтін]: [жазушылар Д. Исабеков, Б. Нұржекеұлы, Т. Әбдіқұлы, А.

Сейдімбеков, К. Сегізбаевтардың шығармашылығына шолу шығармашылығынан] / О. Бөкеев // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 25 ақпан. – Б. 6.

ФОТОГАЛЕРЕЯ

Төлен Әбдікұлының «Оң қол» әңгімесінің желісі бойынша түсірілген фильм жайында:



Бас мүфти
Ержан қажы Малғажыұлымен



ТӨЛЕН ӘБДІҚҰЛЫ – ТҮРКІ ӘЛЕМИ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖЫЛ АДАМЫ



ТӨЛЕН ӘБДІҚҰЛЫНЫҢ 70 ЖЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІНЕН



МАЗМҰНЫ:

1.	ҚҰРАСТЫРУШЫДАН	3
2.	ӨМІРБАЯНЫ	4
3.	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	5
4.	ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ	6
5.	ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ	9
6.	ФОТОГАЛЕРЕЯ	11

Мекен-жайымыз:

Өскемен қаласы,

Космическая көшесі, 6/2

ШҚО мәдениет және спорт басқармасының

«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және

жасөспірімдер кітапханасы» КММ

Байланыс телефоны: 8(7232)75-44-36

E-mail: childrenlibrary@mail. ru

http: // www.vkolibrary.kz.

**Құрастырған және
компьютерде өндеген: Ж.Н.Буханова**
*Ақпараттық-библиографиялық орталық
жетекшісі м. а.*

Жауапты: К.Б.Мукашева
Кітапхана директоры

Тексерген: Р.С.Ибраймова
Кітапхана әдіскері